



# «Тәуелсіздік-теңдесі жоқ байлығым»

*4ә СЫҢЫП*

*Бекжанова Б.С.*

*Ата-ана:*


*Семгалиева А.*



**Сабақтың мақсаты:** оқушыларға еліміздің ең басты құндылығы-  
тәуелсіздіктің ата-баларымыздың қанымен келгенін түсіндіру,  
отансүйгіштікке тірбиелеу еліміздің рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу

**Сабақтың барысы:**

1. Ұйымдастыру бөлімі /тәуелсіздік күнімен құттықтау/
2. Әнұран
3. Тәуелсіздік туралы сұрақ жауап
4. «Тәуелсіздік» ұғымы
5. «Желтоқсан құрбандары»
6. Қорытынды



*Далада думан, қалада думан жыр бүгін,  
Ғасыр бойы аңсай да күткен бұл күнім.  
Жасай бер, жаса асқардан аса әрқашан,  
Кеудеме әкеп қалдырған бақыт бұлбұлым.*




*Тәуелсіздік құрбандары мәңгі ел есінде!*



**Қайрат**



**Сабира**



**Ляззат**

*ЖЫЛДАР  
ЖЫРЛАЙДЫ*




# 1990

**1990 жылы 25 қазанда**

**Қазақстан егемендігі туралы**

**Декларация қабылданды.**



# 1991



**1991 жылы 10 желтоқсанда** Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті сайланды.

**1991 жылдың 16 желтоқсанында** Қазақстан Республикасы Тәуелсіз Мемлекет болып жарияланды.

**1991 жылы 16 желтоқсанда** елімізде үлкен тарихи өзгеріс болып, Қазақстан тәуелсіз мемлекет құқығына ие болды.

**1991 жылы 7 желтоқсанда** “Атамекен” бағдарламасы қабылданды.







# 1992



Қазақстан Республикасы **3 наурызда** Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды.


**4 маусымда** Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері қабылданды.

**8 мамырда** Қазақстан Республикасында Ұлттық Ұлан құрылды.

**28 қыркүйек - 4 қазан** аралығында дүниежүзі қазақтар Қауымдастығының I Құрылтайы өтті.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігі мен Ы.Алтынсарин атындағы Қазақстан білім проблемалары институты Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептің тұжырымдамасын жасады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі “Білім беру” тұжырымдама заңын қабылдады. “Жұлдыз” бағдарламасы қабылданды.



# 1993



**28 қаңтарда** Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды.

**15 қарашада** Қазақстан өзінің ұлттық валютасын – теңгені айналымға енгізді.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігі мен Ы.Алтынсарин атындағы Қазақстан білім проблемалары институты Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептің тұжырымдамасын жасады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі “Білім беру” тұжырымдама заңын қабылдады. “Жұлдыз” бағдарламасы қабылданды.





# 1994

**Қазақстан Республикасы Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ұнтымақтастық Кеңесіне мүше болды.**

**Қазақстан Республикасы Білім министрлігі мен Ы.Алтынсарин атындағы Қазақстан білім проблемалары институты Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері білім мазмұнының тұжырымдамасын жасады.**

**Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес Республикада гуманитарлық білім беру тұжырымдамасын бекітті.**



# 1995




**12 қаңтарда** қазақ халқының тұңғыш ғарышкерлері Т.Әубәкіров пен Т.Мұсабаевқа Халық қаһарманы атағы берілді.

**27 ақпанда** елімізде Қазақстан Республикасының төлқұжаттарын азаматтарға беру бастады.

**1 наурызда** Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халықтарының ассамблеясын құру туралы жарлығы шықты.

**30 тамызда** Жаңа АтаЗаңымыз қабылданды.

Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбие тұжырымдамасы қабылданды.



*Қазақтар талай рет тұтасымен қырылып кетуге шақ қалды. Бірақ өмірге деген құштарлық, азаттық аңсары еңсесі түскен елді қайыра түлетіп, қайтадан тәуекел тұғырына қондырып отырды.*

**Нұрсұлтан Назарбаев**

*Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынты-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды.*

**Нұрсұлтан Назарбаев**

*Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қауымдастықтағы беделінің өсуіне қызмет етуге парыздармыз.*

**Нұрсұлтан Назарбаев**

*Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін де ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның туын, елтаңбасын, әнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет. Елдігіміздің сыналатын бір тұсы осы.*

**Нұрсұлтан Назарбаев**



*Асқақтай бер, Тәуелсіз Отаным!  
Тәуелсіздігіміз мәңгілік болғай!*